

ISSN 3007-2840

Қазақ тарихы

электронды журналы

Electronic journal of
Kazakh history

№ 1(185) 2025

«History and Culture» ЖШС

ҚАЗАҚ ТАРИХЫ KAZAKH HISTORY

ЭЛЕКТРОНДЫ ЖУРНАЛЫ
№1 (185) 2025

ELECTRONIC JOURNAL
№1 (185) 2025

Құрылтай және баспагер:

«History and Culture» ЖШС. Алматы, Қазақстан.

ҚР Байланыс және ақпарат министрлігінің Ақпараттар мен архивтер комитетінің мерзімді баспасөз басылымын және (немесе) ақпараттық агенттікті есепке қою туралы 02.11. 2023 жылғы № KZ 38RBZ00041763 куәлігі берілген.

Журнал жылына 4 рет жарыққа шығады
(наурыз, маусым, қыркүйек, желтоқсан)

Founder and publisher:

«History and Culture» LLP, Almaty, Kazakhstan

Periodic press publication of the Information and Archives Committee of the Republic of Kazakhstan on communication and information and (but) on registration of information agencies 02.11. Certificate No. KZ 38RBZ00041763 dated 2023 was issued.

Published 4 times a year
(March, June, September, December)

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕСІ

Бас редактор – Жұматаев Ринат Серикович – Phd, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ археология, этнология және музеология кафедрасының меңгерушісі (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары – жауапты редактор

Ноғайбаева Мәдиғұл Сағатовна – т.ғ.к., қауымд. профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры м.а. (Қазақстан)

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Ангела Шоттенхаммер – тарихшы синолог, т.ғ.д., KU Leven университеті (Бельгия)

Бабақұмар Қинаятұлы – этнограф, т.ғ.к., Дебрецен университеті (Венгрия)

Эврим Олчер – этнограф, PhD, Қажы Байрам Вели университеті (Туркия)

Алтымышева Зухра Америкұловна – тарихшы, PhD, «Манас» Қырғыз-Түрік университеті (Қырғызстан)

Байғабатова Назгуль Қажымұратовна – этнограф, т.ғ.к., I.

Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті (Қазақстан)

Ақымбек Ералы – Phd, археолог. Ә. Марғұлан атындағы Археология институты (Қазақстан)

Кенжаева Наргиза Соатумуниновна – тарихшы, PhD, Шыршық мемлекеттік университетінің Репрессия құрбандарын еске сақтау музейі (Өзбекстан)

Ильясова Зибәгул Сулейменовна – тарихшы-шығыстанушы, т.ғ.к., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-ның қауымдастырылған профессоры (Қазақстан)

Сайлаубай Ерлан Ерназарұлы – тарихшы, т.ғ.к., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Елтану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры (Қазақстан)

Еңсенов Канат Алексейұлы – тарихшы, т.ғ.к., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ (Қазақстан)

Шнайдер Светлана Владимировна – археолог, т.ғ.к., Ресей Ғылым Академиясы Сібір бөлімінің Археология және этнография бөлімі (Ресей)

Бесетаев Бауыржан – археолог. әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Қазақстан)

Намен Абай – Phd, археолог. Назарбаев университеті (Қазақстан)

Бабабеков Ақбар Давурбаевич – Phd, этнограф. Ұлықбек мырза атындағы Өзбекстан ұлттық университеті (Өзбекстан)

Гурсой Музаффер – Phd, археолог. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (Қазақстан)

Жетпісбай Нұржан Ықсанұлы – Phd, тарихшы. Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)

EDITORIAL COUNCIL

Editor-in-chief – Zhumatayev Rinat – Phd, Al-Farabi Kazakh National University, Head of the Department of Archaeology, Ethnology and Museology (Kazakhstan)

Deputy editor-in-chief – executive editor – Nogaibayeva Mendigul – Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Department of History of Kazakhstan (Kazakhstan)

EDITORIAL BOARD

Angela Schottenhammer – Full Professor of Chinese Middle Period & Early Modern World History at KU Leuven (Belgium)

Babakumar Kinayatul – Ethnographer, Candidate of Historical Sciences, University of Debrecen (Hungary)

Evrin Ölçer Özünel – Ethnographer, PhD, Associate Professor, Ankara Hacı Bayram Veli University (Türkiye)

Altymysheva Zuhra – Historian, PhD, Kyrgyz-Turkish "Manas" University (Kyrgyzstan)

Baigabatova Nazgul – Ethnographer, Candidate of Historical Sciences, Zhetisu University (Kazakhstan)

Akymbek Eraly – Phd, Archaeologist. Margulan Institute of Archeology (Kazakhstan)

Kenzhaeva Nargiza – Historian, PhD, Chirchik State Pedagogical University, Memorial Museum of Victims of Repression (Uzbekistan)

Ilyasova Zibagul – Historian-Orientalist, Candidate of Historical Sciences, Associate Professor of Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Saylaubay Yerlan – Histotian, Candidate of Historical Sciences, Director of the Research Center "Eltanu" of Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Yensenov Kanat – Histotian, Candidate of Historical Sciences, Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Schneider Svetlana – archeologist, Candidate of historical sciences. Institute of Archeology and Ethnography of the Siberian Branch of the Russian Academy of Sciences (Russia).

Besetayev Baurzhan – Archaeologist, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Namen Abay – Phd, Archaeologist. Nazarbayev University (Kazakhstan)

Bababekov Akbar – Phd, ethnographer. National University of Uzbekistan (Uzbekistan)

Gursoi Muzaffer – PhD, Archaeologist. Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University. (Kazakhstan)

Zhetpisbai Nurzhan – Phd, Historian. Institute of History and Ethnology named after Sh.Sh. Ualikhanov. (Kazakhstan)

Журналда тарих ғылымының келесі бағыттары бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих (ежелгі, ортағасырлар, жаңа және қазіргі заман), археология, деректану және тарихнама, этнология, антропология.

Жарияланым тілдері: қазақ, ағылшын. 1993 жылдан бастап шығады

Scientific works are published in the journal in the following areas of historical science: history (ancient, medieval, new and modern), archeology, source studies and historiography, ethnology, anthropology.

Publication languages: Kazakh, English. Founded in 1993.

Редакциямен баспаның мекен-жайы:
050040 Көктем-4 ы/а, 13-үй, 19 п.
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

«History and Culture» ЖШС. Тел.: +77076787670.
e-mail: qazaqtarihyjournal@gmail.com
Журнал сайты: <https://journal.historyculture.kz/index.php/journals>

Address of the editorial office:
050040 microdistrict Koktem-2, no. 13, apt. 19.
Almaty, Republic of Kazakhstan

«History and Culture» LLP. Tel.: +77076787670.
e-mail: qazaqtarihyjournal@gmail.com
Journal site: <https://journal.historyculture.kz/index.php/journals>

ЖАҢА ЖӘНЕ
ҚАЗІРГІ ЗАМАН ТАРИХЫ

NEW AND MODERN
HISTORY

**Мәліс Маратұлы Бахтыбаев¹, Сағынбай Серікбайұлы Мургабаев¹,
Марат Қымызұлы Тұяқбаев², Қуаныш Сүйіндікұлы Арынов³,
Бағдәулет Сапарбайұлы Сиздиқов¹**

¹Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан

²Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан

³Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлтық университеті, Алматы, Қазақстан

*e-mail: melsb@mail.ru

**ЖЕТІ АТА КӨШЕСІНДЕ ЖҮРГІЗІЛГЕН
АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ**

Аңдатпа. Кейінгі ортағасырлық Ескі Түркістан қаласында Жеті Ата, Дарбаза Мүсәллә, Иқан және Тәкиә қақпаларынан бастау алған магистральді көшелер осы қақпалардың атымен аталған. Магистральді көшелерге қосылған шағын көшелер қала ішіндегі махаллаларды бір бірімен байланыстырып күрделі көшелер жүйесін құраған. 2020 жылы Жеті Ата магистральді көшесі бойындағы нысандарды қалпына келтіру мақсатында қазба жұмыстары көшенің шығыс бөлігінде жүргізіліп, махаллалардың планиграфиясы мен құрылымы айқындалды. Зерттеу барысында алынған керамикалық кешенді талдау жасай отырып, ашылған мәдени қабаттар XVIII-XIX ғғ. жататындығы анықталды. Археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижесінде қала құрылысының ішіндегі көшелер бойында орналасқан махаллалар жайлы деректер алынып, тұрғын үйлер сыртқы беті жабық, өзіндік құрылысымен ерекшеленеді. Сонымен қатар, тұрғын үйлердің ішкі ауласы бар бірнеше бөлмеден тұратындықтары анықталды. Қазба кезінде сопақ немесе алдыңғы жағы дөңгелек болып келетін шет жағы қышпен қаланып келетін жер ошақтар көптеп кездесті. Мұндай ошақтар үйді жылыту үшін де, тамақ асу үшін де пайдаланылған ашық үлгідегі ошақтар Оңтүстік Қазақстан мен Орта Азияның орта ғасырлардағы тұрғын үйінде кең тараған.

Түйін сөздер: Түркістан, орта ғасыр, қазба, көше, мәдени қабат, қақпа, кесік, тұрғын үй, керамика.

Сілтеме үшін: Бахтыбаев М.М., Мургабаев С.С., Тұяқбаев М.Қ., Арынов Қ.С., Сиздиқов Б.С. Жеті ата көшесінде жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстары // Қазақ тарих электронды ғылыми журналы. 2025. Т. 185. No 1. 22-30 бб. (Қаз.). DOI: <https://doi.org/10.62183/2025-1-5-22>

Mels Bakhtybaev¹, Sagynbay Murgabaev¹, Marat Tuyakbaev²,
Kuanysh Arynov³, Bagdaulet Sizdikov¹

¹Kazakh-Turkish University named after Khoja Ahmed Yasawi, Turkestan, Kazakhstan

Kazakh-Turkish University named after Khoja Ahmed Yasawi, Turkestan, Kazakhstan

³Kazakh National University named after Al-Farabi. Almaty, Kazakhstan

*e-mail: melsb@mail.ru

Archaeological research of Zheti ata street

Abstract. The main streets of the late medieval Old Turkestan get their name from the gates of Zhetiata, Darbaza Musalla, Ikan and Takiya. Many small streets branch off from these streets, forming a complex and extensive street network. In 2020, in order to partially restore the facilities along Zhetiata Main Street, excavations were carried out on the east side of the street, and the layout and structure of residential areas were determined. Based on a comprehensive ceramic analysis, it was found that the undiscovered horizons of the building belong to the XVIII-XIX centuries. As a result of archaeological research, data were obtained on residential areas located along the streets inside the city buildings, residential buildings have a closed courtyard and differ in their original structure. In addition, it was found that the residential buildings consist of several rooms with an inner courtyard. During the excavations, many foci were found, bordered by ceramics at the edges, oval or rounded in front. Such open-type fireplaces, which were used both for home heating and for cooking, were common in medieval buildings in southern Kazakhstan and Central Asia.

Key words: Turkestan, Middle Ages, excavation, street, cultural layer, gate, section, residential building, ceramics.

For citation: Bakhtybaev M., Murgabaev S., Tuyakbaev M., Arynov K., Sizdikov B. Archaeological research of Zheti Ata street // Electronic scientific journal " Kazakh history ". 2025. Vol. 185. No. 1. Pp. 22-30 (In Kaz.). DOI: <https://doi.org/10.62183/2025-1-5-22>

Кіріспе

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Түркістан қаласының ерекше мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды. Бұл заң Түркістан қаласының еліміздің рухани, тарихи-мәдени, туристік орталығы және сәулет мұрасы ретіндегі ерекше мәртебесін бекітеді. Түркістан – қазақ мемлекеттігінің қалыптасуы мен дамуында айрықша орын алатын қала. Ол ежелгі және ортағасырлық Қазақстан тарихындағы маңызды қалалардың бірі болып саналады. Бұл өңірде тарихи-мәдени ескерткіштер өте тығыз орналасқан, әрі Қаратау мен Сырдария өзенінің аралығында орын тепкен. Түркістан өңірінің ортағасырлық қалалары мен елді мекендерінің Ұлы Жібек жолы бойында орналасуы оның экономикалық, саяси-әкімшілік және әскери-стратегиялық орталыққа айналғанын көрсетеді. Сауданың дамуы өңірде халықтың тығыз қоныстануына, ондаған ортағасырлық қалалардың пайда болып, өркендеуіне, сондай-ақ көрші мемлекеттермен мәдени байланыстардың нығаюына ықпал етті. Осы себепті ғылыми ортада Түркістан қаласының тарихына деген қызығушылық артып, өңірдегі ортағасырлық қалалар мен елді мекендерде жүйелі зерттеу жұмыстары үздіксіз жүргізіліп келеді.

Ұлы Жібек жолының тарихи орындары негізінде мәдени туризмді дамыту және олардың ел тарихындағы халықты біріктіретін құндылықтар ретіндегі рөлін ашып көрсету мемлекеттік стратегиялық бағыттардың бірі болып табылады. Дегенмен, бүгінгі күнге дейін еліміздің мол рухани қазынасы әлемдік қауымдастыққа жеткілікті түрде таныстырыла қойған жоқ. Осыған байланысты мәдени туризм саласының белсенді дамуы да бәсең күйде қалып отыр. Тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі мен болашақ дамуын мәдени мұрасыз елестету мүмкін емес. Мәдени мұра – сана-сезімді қалыптастырудың маңызды негіздерінің бірі әрі ізгілік пен отаншылдық құндылықтарын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізудің тиімді құралы. Қазақстан туризм индустриясын дамытуға үлкен мәдени әлеуетке ие, бұл сала ел экономикасының маңызды бөлігіне айнала алады және айналуы қажет. Туризм арқылы тарих және мәдениет ескерткіштері кеңінен танылып, Қазақстанның халықаралық аренадағы беделі одан әрі нығая түседі. Осы себепті Түркістан қаласының тарихы кешенді түрде зерттеле бастады. Зерттеулер нәтижесінде қаланың іргетасы б.з.б.

I ғасырда қаланғаны анықталды. Орта ғасырларда Түркістан Ұлы Жібек жолы бойындағы басты қалалардың біріне айналғаны белгілі болды. XII ғасырда бұл өңір діни орталық ретінде кеңінен танылды. Себебі дәл осы жерде ислам дінін түркі халықтарына уағыздаушы Қожа Ахмет Ясауи өмір сүрді. Ол қайтыс болғаннан кейін Ясы қаласы діни-культтік және идеологиялық орталыққа айналып, әлемнің түкпір-түкпірінен зиярат етушілердің қасиетті орнына айналды.

Қала Сырдария өзенінің орта ағысындағы Отырар, Сауран, Сығанақ секілді ортағасырлық қалалармен бірге көшпелілер мен отырықшы халықтар арасындағы экономикалық байланыстардың маңызды орталығы болды. Мұнда тек Оңтүстік Қазақстанның қала тұрғындары мен Сарыарқа көшпенділері ғана емес, сонымен қатар Орта Азия, Еділ бойы және Шығыс Түркістан халықтары да мәдени айырбас жасап, сауда қатынастарын жүргізді.

Мақалада 2020 жылы Жеті Ата магистралды көшенің бойында жүргізілген археологиялық зерттеулердің нәтижесіне тоқтала отырып, Түркістан қаласының XVIII-XIX ғғ. жататын тұрғын үй архитектурасының өзіндік ерекшеліктері анықталып, баяндалды. Ашылған нысандардың туризмді дамыту мақсатында пайдаланылатындығы жайында мәліметтер келтірілді.

Материалдар мен әдістер

Ескі Түркістан қаласының Жеті Ата көшесінде орналасқан тұрғын үй құрылыстарын кешенді түрде зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында, ескерткіштің тарихи-мәдени маңыздылығын анықтау үшін археология ғылымының дәстүрлі әдістері қолданылды. Ашылған нысандарды жан-жақты сипаттау, топографиясы мен жоспарын саралау нәтижесінде толық қаңды зерттеуге мүмкіндік берді. Дәстүрлі зерттеу әдісі арқылы ескерткіш археологиялық қазба жұмыстары жүргізіліп, салыстырмады зерттеу әдісі негізінде мерзімі анықталған болса, кәзіргі таңда жаратылыстану ғылым саласының зерттеу әдістері негізінде ескерткіштердің абсолюттік мерзімдері анықталуда. Сонымен қатар Түркістан қаласының байырғы тұрғындарының этникалық құрамын, шаруашылығын, наным-сенімдерін зерттеу барысында гуманитарлық ғылым саласының зерттеу әдістерімен қатар, жаратылыстану ғылым саласының зерттеу әдістері қолданылуда.

Мақаланы жазу барысында XIX ғ. өңірді зерттеген өлкетанушылар мен саяхатшылардың еңбектерімен қатар археологиялық зерттеулердің нәтижелері кеңінен пайдаланылды. Өлкетанушылар мен саяхатшылардың жазған еңбектерін талдай отырып, өңірдің ежелгі тарихына, халықтардың этникалық құрамына, жер-су атауларына байланысты құнды мағлұматтар алына, археологиялық деректер арқылы ескерткіштердің құрылымы, құрылыс қабаттары және хронологиясы, ежелгі тұрғындарының материалдық және рухани мәдениеті жайлы маңызды мағлұматтар жинақталды.

Зерттеу нысандары ретінде Ескі Түркістан қаласының Жеті Ата магистралді көшенің солтүстік-шығыс бөлігінде жүргізілген қазба барысында ашылған тұрғын үйлер мен көше құрылыстары болып табылады. Қазба алаңының көлемі 100x25 м. Археологиялық зерттеу жұмыстары барысында анықталған мәдени қабаттыр толық ашылып фиксацияланып, құрылыс нысандарының сипаттамалары жасалынды. Сонымен қатар құрылыс нысандардың құрылымын, орналасуын және табылған жәдігерлерді негізге ала отырып, құрылыс нысандардың хронологиясы анықталды.

Талқылау

Түркістан қаласының басты көшелері мен қақпалары өзара тікелей байланысқан (1 сурет). Яғни, бір қақпадан кіріп, екіншісінен шығуға болады, сондай-ақ кез келген қақпадан Әзірет Сұлтан кесенесіне жетуге мүмкіндік бар. Бұл қала құрылымы XIV ғасырдың соңы мен XV ғасырдың басында қалыптасқанын байқауға болады, себебі сол кезеңде жан-жақтан келген тауарлар мен құрылыс материалдарын кесенеге жеткізу қажеттілігі туындаған. XIV ғасырдың 90-жылдары Алтын Орда ханы Тоқтамыс Ясы қаласы мен кесенені бірнеше рет шауып, тонағаннан кейін Әмір Темір Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің орнына ауқымды құрылыс салуға бұйрық береді. Құрылыстың басталуымен Ясы (Күлтөбе) қаласының тұрғындары оның маңына көшіп, қоныстана бастайды. Құрылысқа өте көп күйдірілген кірпіш, кесенені тұрғызу үшін сыртын да, ішін де қоршайтын ағаш баспалдақтар, әрлеу үшін ғаныш пен бор, әк, тұзсыз саз балшық, бояулы кірпіштер дайындау үшін мыс, күміс, қорғасын, марганец, кобальт, калий, хром, натрий, қалайы, темір, тіпті уран, алтын

мен иридий тотықтары да көптеп қажет болды. Мындаған шеберлер, құрылысшылар, олардың көмекшілері, ағаш шеберлері, темір ұсталары және басқа да қолөнершілер үшін тұрғын жайлар мен шеберханалар қажет болды. Сонымен қатар, оларды тамақпен қамтамасыз ету үшін көп мөлшерде азық-түлік керек еді. Бұл қажеттіліктерді тек Түркістанның өз күшімен өтеу мүмкін болмағаны түсінікті.

1875 және 1951 жылдардағы қаланың құрылымдық сызбасына назар аударсақ, әлемнің төрт тарапынан келген керуен жолдарының осында тоғысқанын байқаймыз [Смағұлов, Тұяқбаев, 1996]. Әрбір қақпа, жол және магистральді көшенің өзіндік міндеті мен атқарар қызметі болған. Мысалы, Дарбаза қақпасы арқылы Сауранда дайындалған кірпіш пен тұзсыз таза саз жеткізілсе, Қарнақтан түсті металдар тотығы, Бабай мен Жүйнектен ғаныш (азбест), бор мен әк тасымалданды. Мүсәллә қақпасы арқылы Қаратаудың Қантағ, Хантағы I-II, Кент, Мырғалымсайынан қорғасын мен марганец, ал Ащысайдан қорғасын мен тас көмір әкелінді. Қаратаудың ең жеңіл асуы Тұрлан қақпасы іспетті Ойық қонысы арқылы Созақтан мыңғырған мал, ат-көлік, Иқан мен Шағадан азық-түлік, жеміс-жидек, астық тасылып тұрды. Иқан қақпасы арқылы Отырардан мал, Ташкенттен ұсталар мен ағаш шеберлері, жеміс өнімдері ағылып жатса, Тәкиә қақпасынан Сыр бойының талы, терегі, тораңғысы, жыңғылы мен сексеуілі, ағаш көмірі жеткізілді. Ең маңызды Жеті Ата қақпасы арқылы Үшқайық өткелімен Сырдария өзенінен өткен Самарқан, Бұхара, Хорезм ұсталары мен саудагерлері қалаға келді. Сонымен қатар, бояу жасауға қажетті метал тотығы, құрылысқа керекті Сырдария бойындағы ағаштар, арғы жағалаудан сексеуіл мен жыңғыл жеткізілді. Көк түсті шыңылтырмен қапталған кірпіш жасау үшін кобальтты Таяу Шығыстан Иран шеберлері алып келген. Ол заманда сексеуілдің күлінен «поташ» деп аталатын ақ түсті бояу өндірілсе, сексеуіл көмірі металл қорытуға пайдаланылған. 1393 жылдан 1405 жылға дейін бұл керуен қозғалысы тоқтаған жоқ. Керуендер өткен жолдардың екі жағына бірте-бірте тұрғын үйлер салынып, қалаға айналды. Көшелер қақпалардың атауымен аталып, қаланың рабады (сыртқы бөлігі), одан әрі қоныстар, егістіктер мен баулар, тіпті мазараттар да радиалды түрде жан-жаққа тарай бастады. Бұл үрдістің кейінгі кезеңдерде де жалғасқанын 1951 жылғы қала жоспары дәлелдейді [Тұяқбаев, 2009: 112-117].



1-сурет. Ескі Түркістан қаласының әуеден көрінісі

Жеті Ата қақпасының аты Ахмет Ясауидің бір жерге жерленген жеті шәкіртіне қатысты. Бұл жайлы В.А. Гордлевскийдің 1962 ж., А.Л. Троицкаяның 1927 ж. еңбектерінде айтылады, ал, В.Н. Басилов өзінің «О происхождении туркмен-ата (простонародные формы среднеазиатского суфизма)» атты 1975 жылы жарияланған мақаласында «... Одна из старых улиц г.Туркестана носила наименование Етти-ата-кочеси (Улица семи ата) из-за погребенных там каких-то семи святых» деп жазады. Ислам тарихынан біз халықты ислам дініне енгізгендерді «бап (баб)» деп, ал, сопылық ағымға енгізгендерді «ата» деп атағанын біле аламыз [Смағұлов т.б., 2009: 2].

Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің батыс бұрышынан басталатын Жеті Ата көшесінің жалпы ұзындығы 660 м, ені 4-6 м, бұл көшеге солтүстік-батыс және оңтүстік-шығыстан 16 кішігірім және 3 магисталді – Дарбаза, Тәкиә, Мүсәллә

көшелері келіп қосылады. Жеті Ата қақпасына бағытталған көше Хан ордасы мен Хан мешітінің ортасымен өтіп, Тоған су қоймасын солтүстік-батыс жағасы арқылы айналып кетеді де қақпаға жетіп, қаланы қоршаған ордан Бабырат ата көпірі арқылы батысқа қарай кеткен керуен жолына жалғасады. Ортағасырлық шығыс қалаларында керуен сарайлар, моншалар, кішігірім базарлар мен мешіттер қақпадан енген жердегі «майдан» деп аталатын алаңды қоршай орналасатын болған. Түркістандағы үлкен «Хаммами мүхтасар» моншасының Мүсәллә қақпасына жақын орналасуы бұған дәлел. Қаладағы басқа қақпаларда да кішігірім мешіт мен жұмынатын орындар «мүричә» шағын моншалардың болғаны анық.

Базарлардың бес түрі болған, ең көп тарағаны магистральді көше бойын бойлап орналасатын Жайма базарлар. Жеті Ата көшесінің де

базар ретінде пайдаланылғанын қақпаға енген жердегі майдан алаңы, оның солтүстік-батыс бетіндегі керуендер жүк түсіретін қойма мен дүкеншелер дәлелдейді. Мұнда негізінен көтерме саудамен сатылған тауарлар бүкіл көше бойындағы дүкендерде жекелеп сатылып отырған.

2020 жылы жүргізілген далалық зерттеу жұмыстарының басталғанға дейінгі зерттеу нысаны төбе ретінде сақталған. Бұл жерде қазба жұмыстары 2019 жылы басталып, 0,3-0,45 м тереңдікке дейін қазылып, жоғарғы құрылыс қабаты (1-құрылыс қабаты) ашылған. Дегенмен қазба жұмыстары жалғасын таппаған. Төбенің биіктігі 2,5-3,2 м болып келген. Оның солтүстік жағындағы бөлігін XX ғ. 70-шы жылдары тегістеп жіберген.

2020 жылы Жеті Ата магистралды көшенің оңтүстік-шығыс бөлігіне қазба салынды. Қазба орны шарры түрде №1 қазба орын болып белгіленді. Ескі Түркістан қаласының солтүстік бөлігінде орналасқан, батыстан шығысқа қарай бағытталған, Жеті Ата қақпасынан Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне баратын үлкен магистралды көшені ашып, көшенің екі қапталындағы құрылыс нысандарды анықтау мақсатында археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді. Зерттеу жұмыстары барысында 1-құрылыс қабатына жататын нысандарының сақталынбағандығы анықталды. Қазба барысында жердің беткі қабатынан 1,5 м тереңдіктен көшенің тас төселген табаны ашылып, көше солтүстік-батыстан бастау алып, солтүстік-шығысқа қарай иіліңкі болып бағытталғандығы анықталды. Анақталған көшенің ұзындығы 36 м, ені 3,3 м. Көше табанына 0,25 м қалыңдықта өзен тасы төселінген. Қазба жұмыстары кезінде XIX ғ. соңы – XX ғ. басына жататын керамика сынықтары, фарфорлы ыдыстардың бөліктері және Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің сыртын қаптауда пайдаланылған сырлы әрлеуіш кірпіштер алынды.

Қазба алаңының оңтүстік-батыс бөлігінде жүргізілген археологиялық зерттеулер барысында, жердің беткі қабатынан 2 м тереңдіктен

1-құрылыс қабатына жататын көшенің тас төселген табанының астынан 2-құрылыс қабатына жататын көше және көшенің екі қапталынан құрылыс нысандарының сұлбасы анықталып, солтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа иіліңкі болып бағытталған көше, үш аула, үш бөлме, төрт коқыс шұқыры, бір ошақ және бір тандыр ашылды. Қазба алаңының солтүстік бөлігінде жүргізілген қазба жұмыстары барысында 8 бөлме, 2 аула және шаруашылық аймағы ашылып зерттелді. Ашылып зерттелген шаруашылық аймағында үш ошақ орны анықталды. Ошақты негізінен бөлмені жылыту үшін арнайы салған. Ал, қазбаның солтүстік-шығыс бөлігінен аумағы 10x10 м болып келетін аула орны және оның батыс бөлігінде ұзындығы 8 м, ені 2 м болып келетін күйдірілген қыш сынықтарынан төселген жол және тұрғын үйге тиесілі 6 бөлме ашылды.

Археологиялық қазба жұмыстарының барысында 3-ші құрылыс қабаты деңгейінде көше, дәліз, шаруашылық аймақ, диірмен құрылысының төменгі жағы, ашық айван бастырмалар, сауда-саттық орындары және тұрғын үйге тиесілі 14 бөлме ашылып зерттелді (2-сурет).

Магистралды көше қазба алаңының орта тұсынан 2 м тереңдіктен орталық көшеге оңтүстік-батыс бөлігінен екінші көше жанама келіп қосылды. Шығыстан батысқа қарай созылып жатқан көшенің ұзындығы 23 м, ені солтүстік-батыс бөлігінде 2,3 м, ал оңтүстік-шығыс бөлігінде 3,2 м. Көше табанына қалыңдығы 0,25 м болып келетін өзен тастары төселген. Ашылған көшенің солтүстік және оңтүстік қапталдарында тұрғын үй қабырғаларымен жанасып жатыр. Зерттеу жұмыстары барысында магистралді көшені көлденен кесіп өткен шағын көше анықталды, көшенің ұзындығы 12,2 м, солтүстік қабырғасының қалыңдығы 1,6 м, оңтүстік қабырғасының қалыңдығы 1,3 м. Көше еденіне майда қыршық тас төселген. Аталмыш көшенің екі қапталынан сыртқы диаметрі 4,7 м, ішкі диаметрі 3,45 м болатын диірмен құрылысының орны ашылды [Түяқбаев, т.б., 2020: 11-30].



2-сурет. 3 құрылыс қабатының сызбасы

Нәтижелер

Зерттеу жұмыстары барысында ашылған тұрғын үйлер тығыз орналасып, өзіндік құрылымдық жағынан бір махалләны құраған. Қалалардың махалләларға бөлінуі сол кездегі қалалық жүйе үшін заңды болатын. Ол туыстық дәнекермен, ортақ кәсіппен, дінмен топтасқан адамдардың сол қоғамға тән топ болып түйықталуына байланысты еді. Қала махалләлары тұрғындарына қарай өзара бөлінеді. Мысалы, бір махалләда бір ғана қол өнер түрімен айналысатын шеберлер (құмырашылар немесе тігіншілер, иа болмаса зергерлер) тұрған. Сонымен қатар махаллә бір атадан туған туыстардан құралуы да мүмкін.

Әр махалләның өзіне қарасты діни орныдары болған. Көбінесе махалләлық діни орындар бас көшемен қиылысатын жерлерде, әсіресе тұрғындар көп жүретін немесе көп шоғырланған жерлерде орналасатын болған. Археологиялық

қазба кезінде көше бойында орналасқан азан шақыратын мұнара құрылысының шығуы осыған дәлел бола алады.

Негізінен махаллә немесе махалләлық мешіттер Өзбекстан мен Тәжікстанның таулы аймақтарында жақсы зерттелген [Сухарева, 1976: 13-23]. Орта Азия қалаларының махалләларын зерттеу жұмыстары Ресей Империясына қосылғаннан кейін кең көлемде жүргізіле бастады.

Орыс ориенталисы А.Кун Өзбекстан жеріне барып Китаб, Шахрисябз, Ташкент қалаларының махалләры туралы деректер жинап зерттеді [Кун, 1880]. Ходжент [Маджи, 1945], Куляб және Кобадиян [Колпаков, 1954] қалаларының махалләларын зерттеген болатын. М.Е.Массон Шахрисябз қаласының аксүйектер, діни қызметкерлер мен қолөнершілер махалләларын жеке – жеке бөліп зерттеп қарастырған [Массон, Пугаченкова, 1953: 33]. Ал, қазақ жерінде Отрар қаласының XVI-XVII ғғ. жататын 30-дан астам махалләлары зерттелген [Қозыбаев, 1998]. Қара-

таудың теріскей бетінде орналасқан Ран және Күлтөбе қалаларының махаллалары зерттеліп, XVI-XVIII ғғ. жататындығы анықталған [Жолдасбаев, 1975: 24-25].

Археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижесінде қала құрылысының ішіндегі көшелер немесе үлкен көшенің бір бөлігін біріктіретін бірнеше үйлерден тұратын махаллә орныны анықтады. Мұнда орналасқан тұрғын үйлер сыртқы беті жабық, өзіндік құрылысымен ерекшеленеді. Сонымен қатар, ашылып зерттелген тұрғын үйлер негізінен өзіндік ауласы бар бірнеше бөлмеден тұратындықтары анықталды. Қазба кезінде сопақ немесе алдыңғы жағы дөңгелелек болып келетін шет жағы қышпен қаланып келетін жер ошақтар көптеп кездесті. Мұндай ошақтар үйді жылыту үшін де, тамақ асу үшін де пайдаланылған ашық үлгідегі ошақтар Оңтүстік Қазақстан

мен Орта Азияның орта ғасырлардағы тұрғын үйінде кең тараған. Сонымен бірге, қазба жұмыстары кезінде анықталған қызықты назар аудартатын факт ретінде махаллә бөлмелеріндегі ошақтардың көптеп табылуын атап өтекен жөн.

Зерттеу жұмыстары магистралді көшенің бойында орналасқан тұрғын үйлерді қазу барысында табылған керамикалық кешенді талдау жасай отырып, ашылған мәдени қабаттар XV-III-XIX ғғ. аралығына жататындығы анықталды. Ескі Түркістан қаласында орналасқан махалләларды археологиялық зерттеу жұмыстары арқылы тереңірек зерттеліп, соңғы ортағасыр кезінде өмір сүрген тұрғындардың шаруашылығы жайлы тың деректер алынды. Сонымен қатар, Жеті Ата магистралды көшесі бойында ашылған нысандарды қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді (3-сурет).



3-сурет. Жеті Ата магистралды көшесі бойында ашылған нысандардың реконструкциясы

Археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде алынған заттай деректерге сүйене отырып, 1-құрылыс қабатына жататын көшенің XIX ғ. соңы мен XX ғ. басына жататындығы анықталды. Қазба алаңының 1-құрылыс қабаты толық ашылып фиксацияланып, төменгі құрылыс қабаттарын анықтау мақсатында бірінші құрылыс қабаты алынып тасталынды.

Археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде алынған заттай деректерге сүйене отырып, 2-құрылыс қабатына жататын құрылыс нысандардың XIX ғ. ортасына жататындығы анықталды. Аталмыш құрылыс қабатқа жататын құрылыс нысандарының қабырғаларына қаланған кесектер ашық көкшіл түсті күл аралас саз балшықтан құйылғандығы анықталды. Кесектердің

көлемі 40x20x10 см. 2-құрылыс қабаты толық ашылып фиксацияланып, төменгі құрылыс қабаттарын анықтау мақсатында екінші құрылыс қабаты алынып тасталынды.

Археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде 3-құрылыс қабатына жататын құрылыс нысандарынан алынған заттай деректерге сүйене отырып, аталмыш мәдени қабаттың XVIII ғ. жататындығы анықталды. Аталмыш құрылыс қабатқа жататын құрылыс нысандарының қабырғаларына қаланған кесектер ашық көкшіл түсті күл аралас саз балшықтан құйылғандығы, кесектердің көлемі 40x20x10 см екендігі анықталды. Қазба алаңындағы 3-құрылыс қабаты толық ашылып фиксацияланып, толық сипаттама-сы жасалынды.

Қорытынды

Зерттеу жұмыстарымыздың нәтижесінде Орта Азия мен Қазақстан аумағындағы қалалық мәдениеттің құрылымдық жүйесі махаллә институтымен тығыз байланысты болғандығы анықталды. Ескі Түркістан қаласының орнында жүргізілген археологиялық зерттеулер көрсет-

кендей, махалләлер бір-біріне жақын орналасқан тұрғын үйлер кешенінен құралғандығы анықталды. Махалләлердің құрлымы Түркістан қаласындағы ортағасырлық қалалық өмірдің өзіндік ерекшеліктерін көрсетіп тұрғандығы белгілі болды. Зерттеулер көрсеткендей, әр махалләның өзіне тән қолөнер саласы болғандығы анықталды. Қыш өңдеушілер, зергерлер, тігіншілер сынды кәсіп иелері белгілі бір аумақта шоғырланып, өз шеберханаларын дамытқандығы анықталды. Бұл қалалардағы өндірістің бір орталыққа шоғырлануын және мамандандырылған еңбек бөлінісін көрсетеді. Жүргізілген зерттеу жұмыстары барысында ашылған махалләлардағы тұрғын үйлердің өзіндік құрылымдық ерекшеліктері анықталды. Олардың ауласы, көп бөлмелі жүйесі, жылытатын және ас әзірлеуге арналған арнайы ошақтары бар екендігі анықталды. ашылған құрлыс қабаттарды талдауы нәтижесінде, Ескі Түркістан қаласының махалләлары XVIII-XIX ғасырларға жататыны анықталған. Бұл кезеңде қалалық өмірдің құрылымдық жүйесі тұрақты түрде дамығанын және тұрғындардың шаруашылық жүргізу дағдыларының жетілгенін көрсетеді.

Әдебиеттер

Жолдасбаев С. Материальная культура казахов в XV–XVIII вв.: автореф. дис. ... канд. ист. наук. – Алматы: ИИАЭ АН КазССР, 1975. 24–25 с.

Колпаков А.П. Некоторые сведения о кварталах дореволюционного г. Куляба // Изв. АН ТаджССР. Отд. обществ. наук. – Вып. 5. – Сталинабад, 1954.

Кун А. Очерки Шагрисабзского бекства // ЗИРГО по отделению этнографии. – Т. 6. 1880.

Қозыбаев М.К. (ред.) Қазақстан тарихы: көне заманнан бүгінге дейін. – Т. 2. – Алматы: Атамұра, 1998.

Маджи А.Е. К истории феодального Ходжента // Материалы по истории таджиков и Таджикистана. – Сталинабад, 1945.

Массон М.Е., Пугаченкова Г.А. Шахриябз при Тимуре и Улугбеке // Труды САГУ. – Вып. LXI. – Ташкент, 1953. С. 33.

Смағұлов Е.А., Тұяқбаев М.Қ., Өсеров Т., Күмісбаева Ү., Мұсабаев Қ., Мұташев Е. Ескі Түркістан қаласының Жеті Ата қақпасының тарихи орынында жүргізілген археологиялық зерттеу жұмысының есебі. – Түркістан, 2009. – [Қолжазба] / «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік қорық мұражайының мұрағаты, №14.

Смағұлов Е.С., Тұяқбаев М. Түркістан археологиялық экспедициясының 1996 ж. жұмыс есебі. – [Қолжазба] / «Әзірет Сұлтан» қорық-музейінің ғылыми архиві, №1, 200 б.

Сухарева О.А. Квартальная обшина позднефеодального города Бухары. – М., 1976. С. 13–23.

Тұяқбаев М.Қ. Түркістанның төрт қақпасының тарихи негіздері // Түркістан нұры: әдеби-мәдени, тарихи журнал. – Түркістан, 2009. – №3. С. 112–117.

Тұяқбаев М.Қ., Мурғабаяв С.С., Бахтыбаев М.М., Арынов Қ.С., Сиздиқов Б.С., Тажидбаев Н.А. Ескі Түркістан қалашығының шахристанында орналасқан Жеті Ата көшесі бойында жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарының қорытынды есебі. – Түркістан, 2020. 400 б.

References

Zholdasbaev S. Material Culture of Kazakhs in the 15th–18th Centuries: Author's Abstract of the Dissertation ... Candidate of Historical Sciences. – Almaty: IIAE Academy of Sciences of KazSSR, 1975. pp. 24–25.

Kolpakov A.P. Some Information about the Quarters of Pre-Revolutionary Kulob // Bulletin of the Academy of Sciences of TajSSR. Department of Social Sciences. – Issue 5. – Stalinabad, 1954.

Kun A. Sketches of the Shahrisabz Principality // Proceedings of the Imperial Russian Geographic Society, Ethnography Department. – Vol. 6. – 1880.

Kozybaev M.K. (Ed.) History of Kazakhstan: From Ancient Times to the Present. – Vol. 2. – Almaty: Atamura, 1998.

Madji A.E. On the History of Feudal Khujand // Materials on the History of Tajiks and Tajikistan. – Stalinabad, 1945.

Masson M.E., Pugachenkova G.A. Shahrissabz under Timur and Ulugh Beg // Proceedings of SAGU. – Issue LXI. – Tashkent, 1953. 33 p.

Smagulov E.A., Tuyakbaev M.K., Oserov T., Kumisbaeva U., Musabaev K., Mutashev E. Report on Archaeological Research Conducted in 2009 at the Historical Site of Zheti Ata Gate in Old Turkistan. – Turkistan, 2009. – [Manuscript] / Archive of the “Aziret Sultan” State Reserve Museum, No. 14.

Smagulov E.S., Tuyakbaev M. Report on the Work of the Turkistan Archaeological Expedition in 1996. – [Manuscript] / Scientific Archive of the “Aziret Sultan” Reserve Museum, No. 1, 200 p.

Sukhareva O.A. The Quarter Community of the Late Feudal City of Bukhara. – Moscow, 1976. pp. 13–23.

Tuyakbaev M.K. Historical Foundations of the Four Gates of Turkistan // Turkistan Nury: Literary-Cultural, Historical Journal. – Turkistan, 2009. – No. 3. pp. 112–117.

Tuyakbaev M.K., Murgabaev S.S., Bakhtybaev M.M., Arinov K.S., Sizdikov B.S., Tadjibaev N.A. Summary Report on Scientific Research Conducted along Zheti Ata Street in the Shahrissabz of Old Turkistan. – Turkistan, 2020. 400 p.

МАЗМҰНЫ

Жаңа және қазіргі замандағы Қазақсан

<i>Эгамбердиев М.</i> Ресей империясының Түркістанда ислам ықпалын әлсіретуге бағытталған заңнамалық және барлау әдістері (XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басы).....	4
<i>Деннингхаус В., Савин А.</i> Кеңес билігі ритуалдары: Брежнев дәуірінің саяси мәдениеті	16

Археология

<i>Бахтыбаев М., Мургабаев С., Тұяқбаев М., Арынов Қ., Сиздинов Б.</i> Жеті ата көшесінде жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстары.....	22
---	----

Этнология

<i>Аманова Б.</i> Қарабақтың ұмытылып бара жатқан және қазір қолданыста болған бірқатар ас-ауқаттары мен сусындары жайлы.....	32
<i>Әлиев А., Аманова Б.</i> Гянджа халқының қыз таңдау, елші жіберу дәстүрлері және құдалық рәсімі.....	46
<i>Насими Г.</i> Ортағасырлық қолөнер (Әзірбайжанның ерлік эпостары негізінде).....	52
<i>Заһидова Х.</i> Әзірбайжан халық медицинасының су арқылы емдеу дәстүрлері	58

CONTENTS

New and modern Kazakhsan

Mirzahan Egamberdiyev

Legislative and intelligence methods of the russian empire to suppress islamic influence in turkestan (late 19th – early 20th century) 4

Victor Denninghaus, Andrei Savin

Soviet rule rituals: political of the Brezhnev era 16

Archaeology

Mels Bakhtybaev, Sagynbay Murgabaev, Marat Tuyakbaev, Kuanysh Arynov, Bagdaulet Sizdikov

Archaeological research of Zheti ata street..... 22

Ethnology

Bahar Tofiqqyzy Amanova

About some forgotten and currently used dishes beverages of Karabakh 32

Asad Aliyev, Bahar Amanova

About the Ganja population's kizsechme, elchilik customs and engagement ceremony 46

Guluzade Tarana Nasimi

Crafts in the middle ages (based on Azerbaijani heroic epics) 52

Hagigat Ahmadagha gizi Zahidova

Traditions of water treatment in Azerbaijan folk medicine 58